

Кәсіпкерлік субъектілерін қорғау саласындағы жартыжылдық мерзімдік тексерулер жүргізу жоспарының нысанын, тексерулер тағайындау, ұзарту, тоқтата тұру және қайта бастау туралы актілердің нысандарын, тексеру мерзімін ұзарту туралы хабарламаның нысанын, мерзімдік, жоспардан тыс тексерудің және қашықтан бақылаудың нәтижелері туралы қорытындының нысандарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2024 жылғы 13 қыркүйектегі № 74 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 14 қыркүйекте № 35069 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 85-2-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 186-4) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес кәсіпкерлік субъектілерін қорғау саласындағы жартыжылдық мерзімдік тексерулер жүргізу жоспарының нысаны;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес кәсіпкерлік субъектілерін қорғау саласындағы тексеру тағайындау туралы актінің нысаны;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес кәсіпкерлік субъектілерін қорғау саласындағы тексеру мерзімін ұзарту туралы актінің нысаны;
- 4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес кәсіпкерлік субъектілерін қорғау саласындағы тексеруді тоқтата тұру туралы актінің нысаны;
- 5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес кәсіпкерлік субъектілерін қорғау саласындағы тексеруді қайта бастау туралы актінің нысаны;
- 6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес кәсіпкерлік субъектілерін қорғау саласындағы тексеру мерзімін ұзарту туралы хабарламаның нысаны;
- 7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес кәсіпкерлік субъектілерін қорғау саласындағы қашықтан бақылаудың нәтижелері туралы қорытындының нысаны;
- 8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес кәсіпкерлік субъектілерін қорғау саласындағы мерзімдік, жоспардан тыс тексерудің нәтижелері туралы қорытындының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және қорғау департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықтың ресми жарияланғаннан кейін, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі

Н. Байбазаров

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Ұлттық
экономика министрі
2024 жылғы 13 қыркүйектегі
№ 74 бұйрығына
1-қосымша
Нысан

(жоспардың бекітілген
күні мен нөмірі)

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің кәсіпкерлік субъектілерін қорғау саласындағы 20 ____ жылғы _____ жартыжылдыққа арналған мерзімдік тексерулер жүргізу жоспары

№	Мемлекеттік органның атауы	Тексерілетін мемлекеттік органның атауы, оның тұрған жері	Тексеру нысанасы	Тексеру жүргізу мерзімі
---	----------------------------	---	------------------	-------------------------

Жоспарға қол қоюға уәкілетті адамның қолтаңбасы _____

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Ұлттық
экономика министрі
2024 жылғы 13 қыркүйектегі
№ 74 бұйрығына
2-қосымша
Нысан

Кәсіпкерлік субъектілерін қорғау саласындағы тексеру тағайындау туралы акті

№ _____ 20 ____ жылғы " ____ " _____

1. Мемлекеттік органның атауы: _____

2. Тексеруді жүргізуге уәкілеттік берілген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы:

3. Тексеру жүргізуге тартылатын мамандар, консультанттар мен сарапшылар туралы мәліметтер:

4. Тексерілетін мемлекеттік органның атауы, оның тұрған жері:

5. Тағайындалған тексерудің нысанасы:

6. Тексеру түрі:

7. Тексеру жүргізу мерзімі: 20__ жылғы " __ " _____ бастап 20__ жылғы " __ " _____ дейін.

8. Тексеру жүргізу үшін негіздер:

9. Тексерілетін кезең: 20__ жылғы " __ " _____ бастап 20__ жылғы " __ " _____ дейін

10. Тексерілетін мемлекеттік органның Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 85-2-бабының 22-тармағында көзделген құқықтары мен міндеттері:

11. Тексерілетін мемлекеттік орган басшысының не оның уәкілетті адамының тегі, аты, әкесінің аты және актіні алғаны немесе алудан бас тартқаны туралы қолы: _____

12. Актіге қол қоюға уәкілетті адамның қолы: _____

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Ұлттық
экономика министрі
2024 жылғы 13 қыркүйектегі
№ 74 бұйрығына
3-қосымша
Нысан

Кәсіпкерлік субъектілерін қорғау саласындағы тексеру мерзімін ұзарту туралы акті

№ _____ 20__ жылғы " __ " _____

(актінің жасалған күні, нөмірі мен орны)

1. Мемлекеттік органның атауы: _____

2. Тексеру жүргізуге уәкілетті адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы: _____

3. Тексеру жүргізуге тартылатын мамандар, консультанттар мен сарапшылар туралы мәліметтер:

4. Тексерілетін мемлекеттік органның атауы, оның тұрған жері: _____

5. Тағайындалған тексерудің нысанасы: _____

6. Тексеру жүргізу мерзімі: 20__ жылғы "___" _____ бастап 20__ жылғы "___" _____ дейін.

7. Тексеру: 20__ жылғы "___" _____ бастап 20__ жылғы "___" _____ дейін ұзартылды.

8. Тексеру мерзімін ұзартуға негіздер: _____

9. Актіге қол қоюға уәкілетті адамның қолы: _____

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Ұлттық
экономика министрі
2024 жылғы 13 қыркүйектегі
№ 74 бұйрығына
4-қосымша
Нысан

Кәсіпкерлік субъектілерін қорғау саласындағы тексеруді тоқтата тұру туралы акті

№ _____ 20__ жылғы "___" _____

1. Мемлекеттік органның атауы: _____

2. Тексеруді жүргізуге уәкілетті адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы:

3. Тексеруді жүргізуге тартылатын мамандар, консультанттар мен сарапшылар туралы мәліметтер:

4. Тексерілетін мемлекеттік органның атауы, оның тұрған жері: _____

5. Тағайындалған тексерудің нысанасы: _____

6. Тексеру жүргізу мерзімі: 20_ жылғы "___" _____ бастап 20_ жылғы "___" _____ дейін.

7. Тексеру: 20_ жылғы "___" _____ бастап 20_ жылғы "___" _____ дейін тоқтатылды.

8. Тексеруді тоқтата тұрудың құқықтық негіздері: _____

9. Актіге қол қоюға уәкілетті адамның қолы: _____

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Ұлттық
экономика министрі
2024 жылғы 13 қыркүйектегі
№ 74 бұйрығына
5-қосымша

Нысан

Кәсіпкерлік субъектілерін қорғау саласындағы тексеруді қайта бастау туралы акті

1. Тексерілетін мемлекеттік органның атауы, оның тұрған жері: _____

2. Тексеруді тағайындау туралы актінің нөмірі және күні: "___" _____ 20_ ж.

3. Тоқтатылған күні: "___" _____ 20_ ж.

4. Қайта басталған күні: "___" _____ 20_ ж.

5. Тексеруді жүргізуге уәкілетті адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы:

6. Тексеруді тоқтата тұрудың, қайта бастаудың, ұзартудың себептері: _____

7. Тексеруді тоқтата тұру, қайта бастау, ұзарту туралы хабарлама (керегінің астын сызу) жолданған күн:

"___" _____ 20_ ж.

(актіге қол қоюға уәкілетті адамның қолы)

20_ жылғы "___" _____.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің

орынбасары – Ұлттық
экономика министрі
2024 жылғы 13 қыркүйектегі
№ 74 бұйрығына
6-қосымша
Нысан

Кәсіпкерлік субъектілерін қорғау саласындағы тексерудің мерзімін ұзарту туралы хабарлама

1. Мемлекеттік органның атауы: _____

2. Тексерілетін мемлекеттік органның атауы, оның тұрған жері: _____

3. Тексеруді тағайындау туралы актінің нөмірі және күні: 20____жылғы "____"____

4. Ұзарту мерзімі: 20__ жылғы "____" _____ бастап 20__ жылғы "____" _____ дейін.

5. Тексеруді жүргізуге уәкілетті адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы:

6. Тексеру жүргізуге тартылатын мамандар, консультанттар мен сарапшылар туралы мәліметтер:

7. Тексеруді ұзартудың себептері: _____

8. Тексеруді ұзарту туралы хабарлама жолданған күні: 20____жылғы "____"____

_____ (актіге қол қоюға уәкілетті адамның қолтаңбасы)

20____жылғы "____"____

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Ұлттық
экономика министрі
2024 жылғы 13 қыркүйектегі
№ 74 бұйрығына
7-қосымша
Нысан

Кәсіпкерлік субъектілерін қорғау саласындағы қашықтан бақылаудың нәтижелері туралы қорытынды

№ _____

20____жылғы "____"____

(қорытындының жасалған күні, нөмірі мен орны)

1. Мемлекеттік органның атауы: _____

2. Тексерілетін мемлекеттік органның атауы, оның тұрған жері: _____

3. Қашықтан бақылауды жүргізудің негізі мен нысанасы: _____

4. Қашықтан бақылауды жүргізу кезеңі мен мерзімдері: _____

5. Анықталған бұзушылықтар және талаптарды орындау мен бұзушылықтарға жол берген тұлғаларға қатысты шаралар қабылдау мерзімін көрсете отырып, оларды жою туралы талаптар:

6. Қашықтан бақылауды жүргізген лауазымды адамның қолы: _____

Ескерту: Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 85-2 бабының 23-тармағына сәйкес, егер қашықтан бақылауды жүргізу нәтижесінде тексерілетін мемлекеттік органның Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодекстің 7, 13, 29 және 30-тарауларында белгіленген талаптарды және Қазақстан Республикасы заңнамасының басқа да талаптарын бұзу фактісі анықталатын болса, әкімшілік құқық бұзушылық құрамының белгілерін көрсететін жеткілікті деректер болған кезде кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның лауазымды адамдары өкілеттіктері шегінде, бұзушылықтарға жол берген тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тарту бойынша шаралар қабылдайды.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Ұлттық
экономика министрі
2024 жылғы 13 қыркүйектегі
№ 74 бұйрығына
8-қосымша
Нысан

Кәсіпкерлік субъектілерін қорғау саласындағы тексерудің нәтижелері туралы акті

№ _____ 20 _____ жылғы " _____ " _____

(қорытындының жасалған күні, нөмірі мен орны)

1. Мемлекеттік органның атауы: _____

2. Тексеруді тағайындау туралы актінің (бар болса, мерзімін ұзарту туралы актінің) күні мен нөмірі:

3. Тексеруді жүргізуге уәкілетті адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы: _____

4. Тексеруді жүргізуге тартылатын мамандар, консультанттар мен сарапшылар туралы мәліметтер:

5. Тексерілетін мемлекеттік органның атауы, оның тұрған жері: _____

6. Тексеру нысанасы: _____

7. Тексеру түрі: _____

8. Тексеруді жүргізу мерзімі және кезеңі: _____

9. Тексерудің нәтижелері, оның ішінде анықталған бұзушылықтар, олардың сипаты туралы мәліметтер:

10. Талаптарды орындау және бұзушылықтарға жол берген тұлғаларға қатысты шаралар қабылдау мерзімін көрсете отырып, анықталған бұзушылықтарды жою туралы талаптар: _____

11. Тексерілетін мемлекеттік орган басшысының не оның уәкілетті адамының, сондай-ақ тексеруді жүргізу кезінде болған адамдардың қорытындымен танысқаны немесе танысудан бас тартқаны туралы мәліметтер, олардың қолдары немесе қол қоюдан бас тартуы туралы жазба: _____

12. Тексеруді жүргізген лауазымды адамдардың қолдары: _____

Ескерту: Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінің 85-2 бабының 23-тармағына сәйкес, егер тексеруді жүргізу нәтижесінде тексерілетін мемлекеттік органның осы Кодекстің 7, 13, 29 және 30-тарауларында белгіленген талаптарды және Қазақстан Республикасы заңнамасының басқа да талаптарын бұзу фактісі анықталатын болса, әкімшілік құқық бұзушылық құрамының белгілерін көрсететін жеткілікті деректер болған кезде кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның лауазымды адамдары

өкілеттіктері шегінде, бұзушылықтарға жол берген тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тарту бойынша шаралар қабылдайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ